

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қыркүйектегі N 1102 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 28 ақпандағы N 281

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қыркүйектегі N 1102 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 347-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

атауындағы және мәтіндегі "Жоғары дипломатиялық мектебін", "Жоғары дипломатиялық мектебінің" деген сөздер "Дипломатиялық Академиясын", " Дипломатиялық Академиясының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясының профессор-оқытушылар құрамына және басқа да қызметкерлеріне " Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 P970170_ қаулысында көзделген, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясының басшы және профессор-оқытушылар құрамының еңбекақы ставкаларына және лауазымдық жалақыларына, сондай-ақ оқу сабақтарын жүргізгені үшін әрбір сағаттық төлем ставкаларына 1,75 өсіру коэффициентін белгілеп, еңбекақы төлеу шарттарын қолдансын";

7-тармақтағы "2" саны "3" санымен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі